



# АУСТРАЛИЯ ПАТШАЛЫҒЫ

---

Аустралия флорасы өзгеше және эндемизмнің жоғарылығымен ерекшеленеді. Мұнда эндемиктік тұқымдастар қатарына және 570-ке жуық эндемиктік түрден тұрады. Жоғары эндемизм бұрынғы географиялық оқшаулану, басқа құрлықтардан бөлініп тұрған аралдық орналасу жағдайында сақталады. Флораның ерекшелігі – полиморфты, бай туыс түрлерінің көптігі. Тек мирта тұқымдасынан эвкалипт туысының 525 – тен астам түрі бар деп есептеледі.

---



Эвкалипттердің арасында гүлділердің ішінен ең жоғары өсімдіктерге жататын түрлер бар. Олар Аустралияның ылғалды аймақтарында өсетін, алып эвкалипт, оның биіктігі 155 м – ге дейін жетеді. Аустралияның құрғақ обылысында бойы аласа түрлер, ал шөлді аймақтарда – биіктігі 2,3 м-ге дейін жететін бұталы эвкалипт (130 – дан астам түр) өседі. Эвкалипт түрлері бойының тез өсуімен сипатталады. Қазіргі кезде эвкалипттер тропикалық және субтропикалық аймақтарда кең таралған.

---





Эвкалипт – Аустралия ормандарының 90 %- ын алып жатқан тік өсетін биік ағаш . Эвкалипт ең биік ағаш болып есептеледі., бірақ оның ешқашан да көлеңкесі болмайды және жанында ешбір өсімдік өспейді, ал тамыз айында оның барлық тамыр жүйесі жер бетіне шығып, діңі мүлдем жалаңаштанып қалады, халық арасында оны «ұяты жоқ ағаш» деп атайды.

«Эвкалипт – тірі «насос». Жапырақтары күнге қабырғасымен орналасып, қызып кетпейді, ал лептесіктері тәулік бойы ашық тұратындықтан және жапырақтары көлеңке түсірмейтіндіктен ағаштың айналасы құрғақ болады, шөптесін өсімдіктер өспейді. Сүрегі қабыққа қарағанда жылдам өсіп, қабықты жарып жібереді де, жалаңаштанып қалады.





*Eucalyptus regnans*

*Аустралиялық  
эвкалипт*



Эвкалипт туысының шамамен 525 - тей түрі бар, гүлді өсімдіктердің ішіндегі ең биік өсетін ағаш. Ғалымдар биіктігі 155 м, дінінің жуандығы 25 м жететін түрін сипаттаған. Биіктігі 100 м, 72 м және т.б. жететін, 35000 жыл «жасағандары» да анықталған. Сеппе көшетінің бірінші жылдың соңында биіктігі 2,5 м, 10 жылдан соң 25 – 30 м жетеді. Орталық Аустралияның шөліндегі ыстық климатта биіктігі 2-3 м-ден аспайтын аласа бұта болып өседі. Эвкалипт – сыртқы орта жағдайының өзгеруіне жақсы бейімделетін мәңгі жасыл өсімдік. Жапырақ тақтасы қатты, ұзын қылыш тәрізді ұшы үшкір, жиегі тегіс, ұзын сағақты. Жас өскіндерінің жапырағы өркенге қарама- қарсы, орналасады, эфир майлы безшелері болады.



500 – ге жуық түрі бар деп саналатын қараған туысы Африка және Аустралияда кездеседі. Африка қарағанына қарағанда аустралиялық қарағандардың көпшілігінде тікенек болмайды. Эвкалипт түрінің маңызды бөлігі сияқты, банксия туысының түрлері орнитофильді (құстар тозаңдыратын) өсімдіктерге жатады. Тозаңдырушы - Лори тотықұсы болып табылады. Шықшылдық туысының алуан түрлілігі жоғары, олардың бір түрі – жәндікқоректі өсімдік дөңгелек жапырақты шықшылдық сфагна батпағын мекендеуші ретінде белгілі. Аустралияда туысының 36 түрі бар, олардың ішінде әрі ірі төселіп жатқан өсімдіктердің ұзындығы 1,5 м – ге дейін.

---



Аустралия флорасында дәнді бұршақты (1000 – нан астам түр), орхидея, мирта (1000 – нан аса түр, бұған эвкалипт те жатады) үлкен орын алады.

---





Мирта  
Myrtus



Ғалымдардың ұйғарымы бойынша, Аустралияның солтүстікке қарай жылжуы бор дәуірінің ортасында басталды: Аустралия солтүстікке қарай жылжу мөлшері бойынша бірітіндеп жылы климат зонасына енді. Аустралия мен Антарктиданың, ал Антарктида арқылы Оңтүстік Американың оңтүстік обылыстары арасындағы миграциялық байланыс миоцинге дейін жалғасты. Бұл оңтүстік жарты шарға тән араукакария тұқымдасынан, оңтүстік шамшаттың көптеген түрлерінің ортақ таксондар - ежелгі голантарктикалық флораның қалдықтары.

---



Патшалықшалары:

1. Солтүстік – Шығыс Аустралия,
  2. Оңтүстік Батыс Аустралия
  3. Эремей болып 3 облысқа жіктеледі.
-



## **Солтүстік – шығыс Аустралия патшалықшасы**

Солт- шығыста ең қалың орман шоғырланған. Түрі мен құрамы алуан түрлі, осының барлығы жылдық жауын – шашының түсуіне байланысты. Жылы, жауын – шашын көп түсетін аудандарда таудың етектерінде 1000 - 1200 м биіктікте дымқыл жылы аудандарда тропикалық ормандарда пальмалар мен ағаш тектес папоротниктер, лианалар көптеп кездеседі.

---

## Эремей патшалықшасы

Орталық құрғақ саванналарды қамтыйды, орталық шөлдерді және оңтүстік Аустралияны қамтыйды.

Флорасы салыстырмалы түрде кедей және біркелкі. Эндемикалық түрлер кездеспейді, бірақ 40 эндемикалық тұқымдастар кездеседі..

---



## Оңтүстік – Батыс Аустралия патшалықшасы

Кәдімгі Аустралиялық флорамен танылады. Аздаған элемент бөліктерінен тұрады. Бұнда дамыған эндемизмдер көп. 3 эндемистік тұқымдастар (Цефалотовые, Эремосиновые и Эмблингиевые), 125 эндемикалық түрлер (*Dryandra*, *Nuytsia*, *Srtilindia*)

---





Nuytrsia  
Нуитсия